

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Күләш Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын тарату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 3 ақпандағы № 43 қаулысы

«Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Күләш Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театры» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны таратылсын.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Астана қаласында «Ақ Орда» опера және балет театрын ашу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қаңтардағы № 114 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 3, 41-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қаңтардағы № 114 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 сәуірдегі № 507 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 18, 190–191 - құжаттар);

3) «Астана қаласындағы опера және балет театры туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 шілдедегі № 1048 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2000 ж., № 28, 351-құжат).

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

3

а қ п а н д а ғ ы

№ 4 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1003 қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 683 қаулысымен.

3. «Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 26 маусымдағы № 610 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 31, 316-құжат):

«Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Мәдениет комитетінің қарамағына берілетін ұйымдар тізбесі» деген қосымшада:

«Театрлар» деген бөлімде:

реттік нөмірі 2-жол алынып тасталсын.